

«КЕЛІСІЛДІ»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
Университетінің Ректор өкілі

Женгиз Томар
«28» «10» 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
Университетінің ректоры

Ж.Темирбекова
«10» «10» 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ
УЕ-ХҚТУ-103-2022


**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПАТЕНТТІК-ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ САЯСАТЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Коммерцияландыру офисімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Әзірлеген – Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков
- 3 Келісілді – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Қаржы және Халықаралық байланыстар вице-ректоры
П.Пилтен
– Қаржы департаментінің бас бухгалтері Қ.Төребай
– Заң бөлімінің басшысының м. а С.Нұрқазыұлы
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және
сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
- 4 ЕНГІЗІЛДІ – 2022
- 5 Тексеру мерзімі – 2024

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2022 ж.



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 2 -ші беті

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер (сілтемелік құжаттар)	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	4
4. Ереженің мақсаты	5
5. Коммерцияландыру офисінің қызметі	6
6. Авторлардың ЗҚН-н жасау кезіндегі құқықтары мен міндеттері	6
7. Университеттің ЗҚН-н жасау және пайдалану бойынша құқықтары мен міндеттері	7
8. Университет иелігіндегі айрықша құқықтары бар даралау құралдарын пайдалану құқықтары мен міндеттері	8
9. ЗҚН-н құруды ынталандыру	8
10. ЗҚН-н коммерцияландыруға жәрдемдесу	9
11. ЗҚН коммерцияландыру түрлері және табысты бөлу	9
12. Эксперттік топ құру тәртібі	10
13. Эксперттік топтың қызметі	10
14. Эксперттік топтың жұмыс тәртібі	10
15. Эксперттік топ мүшелерінің міндеттері мен құқықтары	11
16. Университет қатысуымен ЗҚН-н іс жүзінде қолдану (енгізу) үшін шаруашылық қоғамдастықтарды құру	11
17. ЗҚН-не қатысты айрықша құқықтарды және университет құқығын бұзғаны үшін жауапкершілік	11
18. Жауапкершілік және өкілеттілік	12
19. Өзгерістерді енгізу тәртібі	13
20. Келісу, сақтау және тарату	13
Қосымша А ЗҚН-н құру туралы хабарлама	14
Қосымша Б Келісім-шарт үлгісі	16
Қосымша С Танысу парағы	18
Қосымша Д Өзгерістерді тіркеу тәртібі	19

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 3 -ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі, университеттің білім беру және ғылыми қызметі аясында жасалатын зияткерлік қызмет нәтижесін құру, құқықтық қорғау және пайдалануды қамтамасыз ету саласындағы негізгі құжат болып табылады.

1.2 Осы Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі патенттік қатынастардың бірыңғай тәртібін белгілейді.

1.3 Осы Ережеде университет қызметкерлерінің еңбек міндеттерін, қызметтік тапсырмасын орындауға байланысты немесе өз бастамасы бойынша, сондай-ақ шарттық міндеттемелер негізінде құрған қорғауға қабілетті зияткерлік қызмет нәтижесі қолданылады.

1.4 Зияткерлік қызмет нәтижесін құру, оны құқықтық қорғауды және пайдалануды қамтамасыз ету бойынша университетпен төменде көрсетілген тұлғалар арасындағы қатынастар көзделген:

- университетпен еңбек қатынасында тұрған қызметкерлер;
- университеттің білім алушылары (студенттер, магистранттар, резиденттер, докторанттар);
- университетте ғылыми зерттеулер жүргізуге тапсырыс берушілер және (немесе) университеттің ғылыми жаңалықтарын қаржыландыруды жүзеге асырушы тұлғалар;
- тиісті шарт бойынша жұмыстарды орындауға және (немесе) қызмет көрсетуге тартылған тұлғалар.

1.5 Университеттің білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі, сонымен қатар басқа да білім беру, ғылыми және инновациялық жобаларға қатысу аясында жасалған ғылыми, әдеби және өнер туындылары; бағдарламалық қамтамасыз ету; мәліметтер базасы, өнертабыстар; пайдалы модельдер; өнеркәсіптік үлгілер; селекциялық жетістіктер; интегралдық схемалардың топологиялары; өндірістік құпия (ноу-хау); фирмалық атаулар; тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілері; коммерциялық белгілер сияқты зияткерлік қызмет нәтижесін құру, құқықтық қорғау және пайдалану бойынша қатынастар болып табылады.

1.6 Ереже контрагенттермен, оның ішінде ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша орындаушылармен, бағдарламалық жасақтаманы жасаушылармен және басқа зияткерлік қызмет нәтижесі авторларымен өзара әрекеттесу кезінде университеттің ғылыми-зерттеу институттары, факультеттері, кафедралары және басқа барлық бөлімдері үшін міндетті болып табылады.

1.7 УЕ-ХҚТУ-103-2022 Ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Ережеде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары қолданылады, сондай-ақ келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Патент» Заңы ;
- Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Университет Жарғысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 4 -ші беті

2.2 Осы Ережеде анықталмаған мәселелер университеттің тиісті ішкі ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

3. АТАУЛАР, ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Осы Ережеде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі;

Өкілетті Кеңес - ортақ мекеме, ортақ басқару ұстанымын басшылыққа ала отырып, университетті басқаруда әкімшілік, қаржылық және академиялық әдістер мен негіздерді белгілеу құзіретіне ие, университеттің заңды тұлғалық мәртебесіне өкілдік ететін ең жоғарғы шешім қабылдаушы органы;

СМЖ - сапа менеджментінің жүйесі;

Жұмыс беруші – ЗҚН-нің авторымен еңбек қатынасында тұрған жұмыс беруші, университет;

Білім алушылар - студенттер, магистранттар, резиденттер, докторанттар;

Даралау құралы - тауар, қызмет, кәсіпорындар мен ұйымдарды басқа объектілерден ажырату үшін қолданылатын белгі. Даралау құралдарына мыналар жатады:

- фирмалық атаулар;
- тауар таңбалары мен қызмет көрсету белгілері;
- тауар шығарылған жерлердің атауы;
- коммерциялық белгілер.

Материалдық емес активтер - заңда белгіленген тәртіпке сәйкес патенттен, куәліктен, айрықша құқықтан бас тарту туралы келісімнен тұратын мүліктік құқықтардың жиынтығы;

ЗҚН – зияткерлік қызмет нәтижесі;

ЗҚН авторы - шығармашылық еңбегімен ЗҚН-не қол жеткізген тұлға;

ЗҚН коммерцияландыру – ЗҚН-не айрықша құқықтар беру, пайдалану және бас тарту, сонымен қатар осындай қызмет үшін құрылған кәсіпкерлік субъектілерін құруға қатысу бойынша ЗҚН-н пайдалану процесі;

Қызметтік ЗҚН - қызметкер өзінің еңбек міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындауға байланысты жасаған, сондай-ақ қызметкер университеттің ақшалай, техникалық немесе басқа материалдық құралдарын пайдалана отырып жасаған кез-келген ЗҚН;

Патент иеленуші - бірқатар зияткерлік меншік объектілеріне, атап айтқанда өнертабысқа, пайдалы модельге немесе өнеркәсіптік үлгіге мемлекеттік қорғау құжаты берілген жеке немесе заңды тұлға. Барлық жасалынатын ғылыми зерттеу жұмыстары университет меншігінде жүргізілгендіктен, Университет патент иеленушісі болып табылады;

Бірлескен авторлар - бірлескен шығармашылық жұмыстың нәтижесінде ЗҚН-н дайындаған тұлғалар;

Авторлық құқық - автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары;

Айрықша құқық - өнеркәсіптік меншік объектісін өз қалауы бойынша кез келген әдіспен пайдалануға патент иеленушінің мүліктік құқығы;

Патент - зияткерлік меншік жөніндегі уәкілетті орган беретін қорғау құжаты;

Пайдалы модель - құрылғыға жататын зияткерлік құқықтардың өнертабысқа ұқсас материалдық емес объектісі (техникалық шешім);

Өнеркәсіптік үлгі - сыртқы түрін айқындайтын, өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібі өндірісі бұйымының көркем-конструкторлық шешімі;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 5 -ші беті

Өнертабыс - өнімге, әдіске, сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады;

Лицензиялық шарт - патент иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) өнеркәсіптік меншік объектісін белгілі бір түрде уақытша пайдалану құқығын беру шарты;

Лицензиат - лицензиялық келісімге сәйкес лицензия объектісін пайдалану құқығын алатын тарап;

Лицензиар - лицензиялық келісімге сәйкес лицензия объектісін пайдалану құқығын беретін тарап (патент иеленуші);

Роялти - лицензиялық келісім шартын пайдалану құқығы үшін лицензиат (алушы) лицензиарға (патент иеленушіге) төлейтін тұрақты төлем (сыйақы);

Қорғау құжаты - өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге және пайдалы модельдерге, заңға сәйкес берілген патент;

Коммерциялық құпия - белгілі бір тұлғаға өз кірісін ұлғайту үшін, негізсіз шығындардан аулақ болу үшін, тауар мен қызмет нарығында позициясын сақтау үшін немесе басқа да коммерциялық пайда табуға мүмкіндік беретін ақпараттың құпиялылық режимі;

КО – Коммерцияландыру офісі;

Эксперттік топ - университеттің зияткерлік меншік жөніндегі эксперттік тобы;

ҒЗТҚЖ - ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.

4. ЕРЕЖЕНІҢ МАҚСАТЫ

4.1 Қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін дамытуға, іргелі және қолданбалы ғылымның бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға бағытталған жағдайлар жасау.

4.2 ЗҚН-н құруды, тиімді құқықтық қорғауды және пайдалануды ынталандыратын ортаны құру және дамыту.

4.3 Университеттің ЗҚН-н басқару бойынша бірыңғай саясатын жүзеге асыру, ол ғылымды дамытуға, ҒЗТҚЖ нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, білімді таратуға бағытталған әкімшілік, құқықтық және коммерциялық басқару әдістерінің үйлесуіне негізделген.

4.4 Университет қызметкерлері, оқытушылары мен білім алушылары тарапынан ЗҚН-н жасауды ынталандыру.

4.5 Үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қолдануынан университеттің ЗҚН үшін айрықша құқықтарын қорғау.

4.6 ЗҚН-нің құқықтық қорғауын және оның коммерциялануын қамтамасыз ету.

4.7 Университеттің ЗҚН-н мемлекеттік тіркеуді (патенттеуді) және (немесе) коммерциялық құпия режимін енгізуді (ноу-хау мәртебесін беру) жүзеге асыру, сондай-ақ ЗҚН-не қатысты ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету.

4.8 Авторларға ЗҚН-н құру және пайдалану кезінде оларға ынталандырушы материалдық сыйақы және төлемдердің өзге де түрлерін заңнамаларды бекітілген тәртіппен беру.

4.9 Университетте патенттік мәдениетті қалыптастыру және қызметкерлердің ЗҚН-н құру, құқықтық қорғау және пайдалану саласындағы білім деңгейін арттыру.

4.10 Қазақстан Республикасында және әлемдік ғылыми-техникалық ортада университеттің зияткерлік әлеуетін сақтау және дамыту, университет қызметкерлерінің беделі мен әл-ауқатын арттыру.

4.11 Университет қызметкерлері мен білім алушылардың өнертабыстық және инновациялық белсенділігін ынталандыру.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 6 -ші беті

4.12 Университеттің ғылыми, ғылыми-өндірістік және білім беру қызметі барысында жасалған ЗҚН-нің бәсекеге қабілеттілігін, инвестициялық тартымдылығын және тиімді коммерцияландырылуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау.

4.13 Коммерцияландыру ЗҚН-н анықтау мақсатында зияткерлік меншік жөніндегі эксперттік тобының жұмыс тәртібін анықтау.

4.14 КО және университеттің басқа құрылымдық бөлімшелері арасындағы патенттік-лицензиялық қатынасты реттеу.

5. КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ОФИСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

5.1 Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кеңес беру.

5.2 Авторлардан ЗҚН-н жасау фактісі туралы белгіленген нысанда хабарлама алу (қосымша А).

5.3 Авторлармен ЗҚН-н коммерцияландыру туралы келісім-шарттар жасау (қосымша Б), шартта университет пен авторлардың зияткерлік меншікке қатысты құқықтары мен міндеттері келісіледі, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мөлшерде табыстарды бөлу тәртібі айқындалады.

5.4 Зияткерлік меншікті басқару жұмыстарын ұйымдастыру.

5.5 Зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге берілетін өтінімдерге қажетті құжаттарды қабылдау.

5.6 Тіркеуге берілетін өтінімдерді зияткерлік меншік жөніндегі эксперттік топ мүшелеріне жіберу, пікірін алу.

5.7 Зияткерлік меншік жөніндегі эксперттік топтың шешіміне сәйкес, өтінімдерді Ұлттық зияткерлік меншік институтына жіберу.

5.8 Зияткерлік меншікке қатысты дау туындаған жағдайда ұсыныстар әзірлеу немесе автор мен басқа адамдар арасында ЗҚН-не меншік құқығы туралы дау туындаған жағдайда әкімшілік-басқарушылық шешімдер әзірлеу. Университетте жасалған ЗҚН-нің айрықша құқықтары бойынша даулы мәселелерді қарастыру және университет басшылығына ұсыныстар әзірлеу.

5.9 Өндіріске қажетті патент иеленушілер мен өндіріс орындар арасында байланыс орналастыру.

5.10 Университеттің ЗҚН-н коммерцияландыруға қатысатын қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру.

5.11 Алынған патенттерге талдау жасап, бірлесе жұмыс жасау мақсатында кәсіпкерлерге, инвесторларға патенттер портфелін ұсыну.

6. АВТОРЛАРДЫҢ ЗҚН-Н ЖАСАУ КЕЗІНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 ЗҚН-нің авторы ретінде шығармашылығы нәтижесінде осындай нәтижеге қол жеткізген жеке тұлға есептеледі.

6.2 ЗҚН-н жасауға жеке шығармашылық үлес қоспаған, яғни авторға тек техникалық, консультациялық, ұйымдастырушылық немесе материалдық көмек көрсеткен немесе осындай нәтиже және оны пайдалану құқығын рәсімдеуге үлес қосқан азаматтар ЗҚН-нің авторы болып танылмайды. Сондай-ақ, тиісті жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асырған азаматтар автор ретінде танылмайды.

6.3 ЗҚН-н автор келесі жағдайларда жасай алады:

6.3.1 Қызметкерге (авторға) өз еңбек міндеттерін орындау үшін белгіленген жұмыс уақыты ішінде;

6.3.2 Еңбек міндеттері шеңберінен тыс уақытта.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 7 -ші беті

6.4 Жұмыс берушінің алдындағы еңбек міндеттерін орындауға байланысты қызметкердің шығармашылық жұмысы нәтижесінде пайда болған қызметтік ЗҚН-не қатысты авторлық құқықтар авторға тиесілі.

6.5 Егер жұмыс беруші мен автордың арасындағы еңбек шартында немесе өзге шартта басқаша көрсетілмесе, қызметтік ЗҚН-не айрықша құқық университетке тиесілі. Қызметтік туындыны пайдаланған кезде жұмыс беруші өзінің атын немесе атауын көрсетуге немесе осындай белгілерді талап етуге құқылы.

6.6 Қызметкердің ақшалай, техникалық немесе басқа материалдық құралдарды пайдалана отырып жасаған ЗҚН университетке тиесілі болып табылады.

6.7 ЗҚН авторының міндеттері:

6.7.1 ЗҚН-н жасау фактісі туралы белгіленген нысанда КО-не хабарлама жіберу арқылы университетті хабардар ету;

6.7.2 ЗҚН-н мемлекеттік тіркеу үшін барлық қажетті ақпараттар мен құжаттарды беру, егер қажет болған жағдайда тіркеуді жүзеге асыруға көмектесу;

6.7.3 Қызметкердің өз қызметтік міндеттерін орындауы немесе университеттің тапсырмасы бойынша жасаған ЗҚН кезінде университеттің құқықтарын мойындау және дау тудырмау;

6.7.4 Белгіленген тәртіппен университеттің келісімін алмай үшінші тұлғаларға ЗҚН-н бермеу және оған өзіне жүктелетін, немесе қызметтік міндеттерін орындау барысында оған белгілі болатын құпия сипаттағы ақпаратты жария етпеу;

6.7.5 Университетке зиян (моральдық залал және жоғалған пайданы қоса алғанда) келтіретін болса, ЗҚН-н басқа ұйымдар мен тұлғалардың мүдделері үшін пайдаланбау;

6.7.6 ЗҚН-не құқығы бұзылғандығы туралы барлық белгілі фактілер туралы университетті хабардар ету, сондай-ақ өз құзыреті шегінде мұндай заң бұзушылықтарды болдырмау үшін қажетті шаралар қолдану;

6.7.7 ЗҚН-н коммерцияландыру туралы университетпен келісім-шартқа отыру.

7. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЗҚН-Н ЖАСАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Университет төмендегідей жағдайда жасалған ЗҚН-нің заңды иегері бола алады:

7.1.1 Еңбек шарты және оған жасалған қосымша келісім-шарттар аясында немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасы бойынша, сондай-ақ университеттің ақшалай, техникалық немесе басқа материалдық ресурстарын пайдалану арқылы өз қызметкерлері, білім алушылары тарапынан жасалған ЗҚН;

7.1.2 Айрықша құқықтарды беру туралы келісім бойынша, лицензиялық келісімдер бойынша, сондай-ақ тапсырыс беруші және (немесе) орындаушы ретінде жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтер көрсету туралы шарттар бойынша, олар ЗҚН-н әзірлеу кезінде айрықша құқық университетке өтеді;

7.1.3 Университет басқа ұйымдармен (коммерциялық және коммерциялық емес), мекемелермен бірлесіп нәтижеге айрықша құқылы бола алады.

7.2 Университет мынадай құқықтарға ие:

7.2.1 ЗҚН-не айрықша құқықты заңға қайшы келмейтін кез келген тәсілмен иелік етуге;

7.2.2 Құрылған бизнес-серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде оны пайдалану құқығын беру арқылы ЗҚН-не айрықша құқықты билік етуге;

7.2.3 ЗҚН-не қорғаныс таңбасын олардың авторлығын көрсететін материалдық құралдарына қоюға, тапсырыс беруші ретінде, орындаушымен ЗҚН-н дамыту үшін жағдайларды келісуге, жұмыстың барысын бақылауға;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 8 -ші беті

7.2.4 Ғылыми-зерттеу және өнертапқыштық қызметті әрі қарай дамытуға және коммерцияландыру мақсатында ЗҚН-н пайдаланғаны үшін сыйақы және басқа төлемдер алуға;

7.2.5 ЗҚН-н үшінші тұлғалардың пайдалануына тыйым салу және ЗҚН-не үшінші тұлғалардың қол сұғуынан қорғау үшін барлық шараларды қабылдауға;

7.2.6 ЗҚН бойынша түскен барлық табыстарды университет ішкі нормативтік құжаттарына сүйене отырып бөлуге құқылы.

8. УНИВЕРСИТЕТ ИЕЛІГІНДЕГІ АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚТАРЫ БАР ДАРАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1 Университет жеке даралау құралдарын жасау және пайдалану туралы келісімдер жасасу нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған әр түрлі даралау құралдарының авторлық құқық иеленушісі немесе пайдаланушысы бола алады.

8.2 Университет тіркелген рәміздердің, эмблемалардың, домендік атаулардың және белгіленген тәртіппен оны жекелендірудің басқа құралдарының иесі бола алады.

8.3 Университет даралау құралдарын пайдаланған кезде:

8.3.1 Университет оларға айрықша құқығы бар заңмен белгіленген тәртіпте пайдалануға, тауар таңбасын, тауарлық белгіні пайдалануға кепілдік беру туралы келісім-шарттар жасасуға;

8.3.2 Университет ресми құжаттарында, фирмалық бланктерде, белгілерде, баспа және полиграфиялық өнімдерде университет тапсырысы бойынша жасалған рәміздерді, эмблеманы, тауарлық белгіні және басқа да даралау құралдарын қолдануға;

8.3.3 Университет фирмалық атауын университеттің веб-сайтын, сондай-ақ интернеттегі құрылымдық бөлімшелерін жекелендіретін домендік атауларда пайдалануға;

8.3.4 Университет авторлық құқық иесі болып табылатын даралау құралдарын пайдаланғаны үшін сыйақы алуға құқылы.

8.3.5 Университетке тиесілі рәміздерді, эмблемаларды, тауарлық белгілерді және басқа да даралау құралдарын үшінші тұлғаларға қолдануға тыйым салынады.

8.4 Университет даралау құралдарын пайдаланған кезде міндетті:

8.4.1 Жекешелендіру құралдарына айрықша құқықтарды заңда белгіленген тәртіппен осындай жеке даралау құралдарын мемлекеттік тіркеу арқылы тиісті түрде тіркеуге; Университет даралау құралдары мен рәміздерін заңсыз пайдалану жағдайларын анықтау және осындай бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдауға;

8.4.2 Даралау құралдарын осы Ережеге сәйкес мақсаттар үшін пайдалануға.

8.4.3 Осы Ережеде көрсетілмеген мәселелер, университет айрықша құқылы дараландыру құралдарын пайдалануы және олардың құқықтық қорғалуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

9. ЗҚН-Н ҚҰРУДЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

9.1 Осы Ереже мақсаттарына сәйкес университет ЗҚН-н құруды қолдайды. Мұндай іс-шараларға мыналар жатады:

9.1.1 ЗҚН-н құруға, құқықтық қорғауға және пайдалануға, коммерцияландыруға бағытталған инфрақұрылымды құру және қолдау;

9.1.2 ЗҚН-н құруды ынталандыру мақсатында мемлекеттік органдармен, өнеркәсіптік кәсіпорындармен, бизнес құрылымдармен өзара әрекеттесу;

9.1.3 Патент иесі университет болған жағдайда университеттің Өкілетті Кеңесінің шешіміне сәйкес патент авторларына ынталандыру сыйақысын төлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және университеттің заңнамалық актілерінде белгіленген басқа төлемдер мен сыйақылар төлеу арқылы материалдық ынталандыру;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 9 -ші беті

9.1.4 Қорғау құжатында патент иесі университет болған жағдайда университеттің ішкі кәсіби рейтингі ережесіне сәйкес автордың өнімділік көрсеткішіне (KPI) тиесілі балл беріледі;

9.1.5 Осындай тіркеуді қажет ететін немесе өз еркімен жүзеге асырылатын ЗҚН-не мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруда қаржылық және ұйымдастырушылық көмек көрсету;

9.1.6 Арнайы курстар, дәрістер мен бағдарламалар ұйымдастыра отырып, ЗҚН-н құру, пайдалану және құқықтық қорғауды қамтамасыз ету саласында университет қызметкерлерінің және білім алушылардың білімі мен біліктілігін арттыру;

9.1.7 Университет және оның бөлімшелеріндегі өнертапқыштық қызметтің жағдайын талдау, өнертапқыштық қызметті ұйымдастырудағы басқарушы топтың жұмысын бағалау, қызметкерлердің шығармашылық белсенділігінің деңгейін бағалау болып табылады.

10. ЗҚН-Н КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУҒА ЖӘРДЕМДЕСУ

10.1 Осы Ереженің мақсаттарына сәйкес университет ЗҚН-н коммерцияландыруға ықпал етеді, яғни:

10.1.1 Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ЗҚН-н коммерцияландыру процесін реттейтін ішкі нормативтік актілер жиынтығын әзірлеу;

10.1.2 Жасалған ЗҚН туралы ақпаратты мемлекеттік тіркеу сәтіне дейін мерзімінен бұрын жария етудің алдын-алу, егер қажет болса, ЗҚН-не қатысты құпия режимді орнату, университет контрагенттерімен құпиялылық туралы келісімдерге қол қою және ЗҚН-не қатысты құпиялылықты қамтамасыз ету үшін басқа да қажетті шараларды қабылдау;

10.1.3 Басқа ғылыми, техникалық, білім беру ұйымдары мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың өнертапқыштық қызметін бақылау мақсатында патенттік зерттеулер жүргізу;

10.1.4 Коммерцияландыру стратегиясын қалыптастыру және әлеуетті серіктестерге коммерциялық ұсыныстар әзірлеу мақсатында бағалау және маркетингтік зерттеулер өткізу;

10.1.5 Кәсіпкерлік қызметті бірлесіп жүзеге асыру үшін ЗҚН-н коммерцияландыру және ЗҚН-не айрықша құқықты иеліктен шығару туралы және (немесе) лицензиялық келісімдерге шарттар жасасу, сондай-ақ шағын инновациялық кәсіпорындар құру арқылы серіктестерді іздеу;

10.1.6 ЗҚН-н коммерцияландыру үшін құқықтық, консультативтік және қаржылық қолдауды жүзеге асыру;

10.1.7 Университет ЗҚН-н өндіріске енгізу мақсатында кәсіпкерлік субъектілерді құруды ұсыну және олардың қызметіне қатысу;

10.1.8 Білім алушылар тарапынан ЗҚН-н жасауды ынталандыру, коммерциялануын қамтамасыз ету;

10.1.10. Білім алушылар тарапынан жасалған ЗҚН-н коммерцияландыру үшін перспективті ғылыми әзірлемелерді бағалау және іріктеу.

11. ЗҚН-Н КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ БӨЛУ

11.1 ЗҚН-н дамытып коммерцияландыру жобасы ретінде ұсыну.

11.2 Лицензиялық шарттар және зияткерлік меншік құқықтарын басқаға беру шарттарын жасасу.

11.3 Жаңадан құрылған стартап компаниялардың жарғылық капиталына салу.

11.4 Коммерцияландырудан түсетін табыс, ЗҚН-н жасау кезіндегі авторлардың материалдық ынталандырудың негізгі факторы болып табылады.

11.5 Барлық тарапқа материалдық сыйақының мөлшері, ЗҚН-н коммерцияландыру мөлшеріне тікелей байланысты.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 10 -ші беті

11.6 Қызметтік ЗҚН-не айрықша құқықтар және патент немесе куәлік алу құқығы университетке тиесілі болады.

11.7 Коммерцияландырудан түскен табысты, егер университет жұмыс беруші болып табылған жағдайда, келісім шартта ЗҚН-не айрықша құқығы университетке тиесілі екенін, автормен университет арасында келісім шарт жасалғаннан бастап белгіленуі керек.

11.8 Автор мен университет арасында тараптардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ роялти мөлшері сипатталған шарттық қатынастар орнатылады.

11.9 Университет жұмыс беруші, патент иеленуші, грант иеленуші болған кезде, аталған барлық табыс түрлерінен кемінде 15% мөлшерін алады.

12. ЭКСПЕРТТІК ТОП ҚҰРУ ТӘРТІБІ

12.1 Эксперттік топ құрамы кемінде 3 адамнан тұрады;

12.2 Эксперттік топ құрамы университет қызметкерлерінен жасақталады.

12.3 Эксперттік топ құрамы КО басшысының қызмет хаты негізінде Ғылым және стратегиялық даму вице-ректорымен бекітіледі.

12.4 Қарастырылып отырған ЗҚН-нің авторлары немесе бірлескен авторлары болып табылатын адамдар эксперттік топқа мүше бола алмайды.

13. ЭКСПЕРТТІК ТОП ҚЫЗМЕТІ

13.1 ЗҚН-н мемлекеттік тіркеу сәйкестігіне қатысты сараптама жасау;

13.2 Университет есебінен ЗҚН-не авторлық және мүліктік құқықтарды тіркеудің сәйкес немесе сәйкес еместігіне оң пікір беру арқылы шешім қабылдау;

13.3 ЗҚН-не қатысты авторын және өтінім нәтижелерінің құпия (ноу-хау) режимін қатаң сақтау;

13.4 Қызметтік емес ЗҚН жасалған жағдайда университеттің қаржылық, техникалық немесе материалдық ресурстарын пайдалану мүмкіндігін беру, бермеу туралы шешім қабылдау;

13.5 Егер ЗҚН қызметтік емес, бірақ қызметкер немесе басқа тұлға университеттің қаржылық, техникалық немесе материалдық ресурстарын пайдалану арқылы қол жеткізген болса, айрықша емес лицензиялық келісім немесе университет шығындарын өтеу бойынша келісімнің біреуін таңдау туралы шешім қабылдау.

14. ЭКСПЕРТТІК ТОПТЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

14.1 Эксперттік топ ЗҚН-н рәсімдеуге арналған өтінімдерді қарайды және әр өтінім бойынша жеке-жеке шешім қабылдайды. Бір өтінім бір зияткерлік меншік нысанына сәйкес келуі керек.

14.2 Қарауға ұсынылған барлық ЗҚН туралы шешім қабылдау кезінде басты талап ЗҚН-н коммерцияландыру мүмкіндігі болып табылады.

14.3 Нысанның қорғауға қабілеттілігін бағалау эксперттік топ мүшелерінің пікірін ескере отырып (сараптамалық қорытынды болған жағдайда) жүзеге асырады.

14.4 ЗҚН-н университет есебінен жүзеге асыру туралы эксперттік топтың шешімі, құқықтарды рәсімдеу (тіркеу) немесе туындыны жариялау кезінде авторлық құқық авторға тиесілі болып, ал университетке айрықша құқықтар беріледі деген мағынаны білдіреді.

14.5 ЗҚН-н рәсімдеуге қатысты оң немесе теріс шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде күшіне енеді.

14.6 ЗҚН-н рәсімдеу туралы эксперттік топ мүшелері оң шешімін КО жібереді және бұл университет есебінен құжаттарды рәсімдеу бойынша жұмысты бастауға негіз болады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 11 -ші беті

15. ЭКСПЕРТТІК ТОП МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

15.1 Эксперттік топ мүшелерінің міндеттері:

15.1.1 Зияткерлік меншік объектілерін тіркеуге берілетін өтінімдерді карауда тарапсыздық (объективтілік) білдіру;

15.1.1 Зияткерлік меншік объектілерінің өтінімдерін мемлекеттік тіркеуге жіберу немесе жіберуден бас тартуға шешім қабылдау;

15.1.2 ЗҚН-н коммерцияландыру үшін университет қаражатын максималды тиімді түрде пайдалануды қамтамасыз ету;

15.1.3 ЗҚН-н коммерцияландыру үшін автор мен университет арасында құқықтық қатынастарды реттейтін келісім-шарт жасауды ұсыну;

15.1.4 Келіп түскен барлық өтінімдерді қарау және тарапсыз пікір білдіру;

15.1.5 Келіп түскен барлық құжаттардың жауапкершілікпен сақталуын жүзеге асыру;

15.1.6 Өз қызметінде Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік саласындағы заңнамасының және осы Ережені басшылыққа алу;

15.1.7 Нәтижелер ресми жарияланбағанға дейін авторлар мен ЗҚН мазмұны туралы ақпаратты жария етпеу;

15.1.8 Университет қызметкерлерінің авторлық құқығына, университет мүліктік құқықтарына және қаржылық шығындарына қатысты ЗҚН-н рәсімдеуге арналған нақты өтінім бойынша шешім қабылдау;

15.1.9 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдастырушылық-техникалық әрекеттерді жүзеге асырады.

15.2 Эксперттік топ мүшелерінің құқығы:

15.2.1 Авторға өтінімді қайта қарау жоспарына міндетті түрде енгізе отырып, берілген өтінімді толықтыруды ұсынуға.

15.2.2 ЗҚН-н рәсімдеуге қатысты ұсынылған барлық құжаттармен және ақпаратпен танысуға құқылы.

16. УНИВЕРСИТЕТ ҚАТЫСУЫМЕН ЗҚН-Н ІС ЖҮЗІНДЕ ҚОЛДАНУ (ЕНГІЗУ) ҮШІН ШАРУАШЫЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ ҚҰРУ

16.1 ЗҚН-н практикалық қолдану (іске асыру) үшін 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының «Ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңының ережелерін іске асыру мақсатында университет ЗҚН-н өнеркәсіптік өндіріске енгізу мақсатында шаруашылық субъектілерін құруға құқылы.

16.2 ЗҚН-н іс жүзінде қолдану (іске асыру) үшін құрылған шаруашылық қоғамдастықтарды құру және олардың қызметіндегі университет ректоры бекіткен ЗҚН-н іске асыру мақсатында шаруашылық қоғамдастықтарды құру үшін барлық қажетті жағдайлар, оның ішінде осындай қатысу туралы шешім қабылдау Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңымен, «ҒҒТҚН коммерцияландыру туралы» Заңымен, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңымен реттеледі.

17. ЗҚН-НЕ ҚАТЫСТЫ АЙРЫҚША ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТ ҚҰҚЫҒЫН БҮЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

17.1 ЗҚН-н жасаушылар арасында ЗҚН-не құқықтық қорғау туралы дау туындаған жағдайда және осы нәтижелерге айрықша құқықтарды пайдалану кезінде тараптар осындай дауларды өзара келіссөздер арқылы шешу үшін барлық мүмкін шараларды қолданады. Егер дауды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

17.2 Заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер, білім алушылардың, университет қызметкерлерінің немесе университеттің өз жұмысының ЗҚН-не айрықша құқықтарды

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 12 -ші беті

бірнеше рет немесе өрескел бұзған жағдайда, авторлық құқық иелері жеке тұлғаға немесе олардың өкілдері арқылы осындай заңды тұлғаны тарату немесе осындай жеке кәсіпкердің қызметін тоқтату туралы сотқа өтінішпен жүгіне алады.

17.3 ЗҚН-не айрықша құқықты иеліктен шығару туралы келісім бойынша және лицензиялық келісім бойынша авторлардың университет алдындағы жауапкершілігі, егер шартта автордың жауапкершілігінің аз мөлшері көзделмесе, университетке келтірілген нақты залалдың көлемімен шектеледі.

17.4 Автор университет алдында жауап беретін авторлық келісім-шарт орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, университетке төлемді (аванс) қайтаруға міндетті. Сондай-ақ, шартта қарастырылған жағдайда университетке автор айыппұл төлеуге міндетті. Сонымен қатар, бұл төлемдердің жалпы сомасы университетке келтірілген нақты шығындармен шектелген.

17.5 Автор университеттің ЗҚН-не айрықша құқықтарын шығындарға әкеп соқтырумен бұзған жағдайда, университет азаматтық заңнамада келтірілген зиянды талап етуге, ал ауыр зиян келтірген жағдайда құқық бұзушыны қылмыстық жауапкершілікке тартуды талап етуге құқылы.

17.6 Университет ЗҚН-не деген айрықша құқығы бұзылған жағдайда, құқық бұзушыдан компенсация төлеуді, шығарманың көшірмесінің екі еселенгенін немесе салыстырмалы жағдайларда бағаның негізінде анықталған туынды пайдалану құқығының екі еселенген туындыны заңды пайдаланғаны үшін алынатын өтемақысын талап етуге құқылы.

17.7 Университет ноу-хауға айрықша құқығын, оның ішінде осындай ноу-хауды құрайтын ақпаратты заңсыз алған және осы ақпаратты ашқан немесе пайдаланған тұлғаны; сонымен қатар заңға сәйкес немесе университетпен жасалған өндірістік құпияның құпиялығын сақтауға міндетті тұлға, ноу-хауға айрықша құқықты бұзу нәтижесінде келтірілген залалды, егер заңмен немесе осы қызметкермен келісіммен өзгеше көзделмесе, өтеуге міндетті.

17.8 ЗҚН-не университет құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда, университет қызметкері, сондай-ақ бөгде адамдар мен ұйымдар өздерінің білетін құқықтарының бұзылу себептерін көрсете отырып, КО-не жүгінуге құқылы. Осы үндеудің негізінде КО фактілерді тексереді. Расталған жағдайда, КО жиналған материалдарды университет бұзылған құқықтарын қорғау бойынша шаралар қабылдау үшін Заң бөліміне жібереді.

17.9 Осы Ереже талаптарын орындамаған немесе сол талаптардың орындауын қамтамасыз етпеген және сол арқылы университет зияткерлік құқықтарының бұзылуына ықпал еткен университет қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары, сондай-ақ, университеттің және (немесе) өздеріне белгілі болған серіктестердің құқықтарының бұзылуын болдырмау үшін қажетті және жеткілікті шаралар қолданбаған адамдар ҚР қолданыстағы заңнамасына және университет ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауаптылықта болады.

18. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

18.1 Осы Ереже талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен КО, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары және білім алушылары айналысады.

19. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

19.1. Университеттің осы Ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 13 -ші беті

19.2. Зияткерлік қызмет нәтижелерін құру туралы хабарламасы (Қосымша А), ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (зияткерлік қызмет нәтижелерін) пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарды беру туралы келісім-шарты (Қосымша Б), СМЖ құжатымен танысу «Танысу парағына» (Қосымша С) және енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парағына» (Қосымша Д) тіркелуі тиіс.

20. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

20.1. Бұл Ереже Университеттің Сенат мәжілісінің хаттамасымен бекітіледі.

20.2. Осы Ереженің бір данасы Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында, екінші данасы ҚО-де сақталады.

20.3. Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі ҚО-не жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде институттар, факультеттер мен кафедраларға жолданады.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А. Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э. Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

П. Пилтен

Қаржы департаментінің бас бухгалтері

Қ.Төребай

Заң бөлімінің басшысының м. а

С. Нұрқазыұлы

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы

Ж. Дарибаев

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 14 -ші беті

ҚОСЫМША А

№ _____

« ____ » _____ 20__ ж.

Күпия болып сақталады

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры

_____ қолы _____ Тегі, аты
« ____ » _____ 2022 ж.

Хабарлама берілген күні

« ____ » _____ 20__ ж.

Авторлардың қолы

Зияткерлік қызмет нәтижелерін құру туралы хабарлама

Сізден құрылған ЗҚН-е байланысты құқықтық қорғау алуға арналған бастапқы материалдарды (өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі, селекциялық жетістік, ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, деректер базасы, интегралдық микросхемалар топологиясы) қарауды сұраймын (қажеттісін белгілеу)

(ЗҚН атауы)

Авторлар (Аты-жөні, мекен жайы индексімен, қызметі, жұмыс орны, телефон)

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

ҒЗТҚЖ нәтижесі ретінде (өзінің еңбек міндеттерін орындауға байланысты; жұмыс берушінің нақты тапсырмасы; шарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде; мемлекеттік немесе муниципалдық келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде; бастамашылық жұмыстарды орындау кезінде (қажеттісін белгілеу)

(№МК, шаруашылық келісім шарт, бюджеттік нысан)

(МК атауы/тақырыбы, шаруашылық келісім шарт, бюджеттік нысан)

Көрсетілген шарттың талаптарына сәйкес қорғалатын нәтижелерге құқықтар тиесілі

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 15 -ші беті

(келісімшарттың талаптарын көрсету)

Нәтиже ғылыми жұмыста/оқу процесінде көрсетіледі

(университеттің құрылымдық бөлімшесі, кафедра, зертхана)
және Университетте белгіленген талаптарға сәйкес құқықтық қорғауды алу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеу.

Баждарды төлеу бойынша шығындарды

(келісімшарт қаражаты, грант қаражаты, Университет қаражаты және т. б.)

Жауапты тұлға ретінде университеттің зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтық қорғау мәселелері бойынша авторлар ұжымынан:

(Аты-жөні) _____ тағайындалды.

Телефон: _____ E-mail _____

Қосымша:

1. Зияткерлік меншік объектілері туралы ақпарат:

1.1. Технология саласы, объектінің мақсаты және объектінің қолдану аясы;

1.2. Объектінің мәнін қысқаша сипаттау, бұл объект қандай тапсырманы шешеді, нарықтың қандай қажеттіліктерін қанағаттандырады;

1.3. Объектінің аналогтарын ақпарат көздеріне сілтемелерімен сипаттау;

1.4. Объектінің аналогтармен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктері; аналогтармен салыстырғанда объектінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері;

1.5. Объектінің өнеркәсіптік игеруге дайындақ кезеңі;

1.6. Объектіні өнеркәсіптік игеру үшін материалдық-техникалық ресурстардың болуы, мұндай игеруге кететін қаржылық шығындардың көлемі;

1.7. Объектіні коммерцияландыру әлеуеті;

1.8. Тұрақты даму мақсаттарының қай мәселелерін ұстанады.

КЕЛІСІЛДІ:

Университеттің құрылымдық бөлімшесінің басшысы

_____ Қызметі, қолы, күні

_____ Тегі, аты

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 16 -ші беті

ҚОСЫМША Б

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (зияткерлік қызмет нәтижелерін) пайдалануға айрықша мүлкітік құқықтарды беру туралы КЕЛІСІМ-ШАРТ № _____

Түркістан к.

« _____ » _____ 20__ ж.

Бір тараптан _____ (тегі, аты, әкесінің аты) бұдан әрі «Қызметкер» деп аталып, басқа тараптан, «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» бұдан әрі «Университет» атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Университет ректоры _____ бұдан әрі «Жұмыс беруші» деп аталып, төмендегідей шарт жасады:

1. Шарттың мәні

1.1. Қызметкер (ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне авторлық құқықтың иесі) Жұмыс берушіге _____ жылғы № _____, _____ (қандай түрі) алынған патентті (немесе өзге құжатқа) (бұдан әрі – Нәтиже) осы шартта көзделген шектерде пайдалануға айрықша құқығын береді, ал Жұмыс беруші Қызметкердің Нәтижесін қолдануға айрықша құқықтарын қабылдайды. Осы шартта пайдалану деп тауар ретінде немесе шартта қарастырылған басқа да азаматтық айналымда Нәтиженің құқықтарын жүзеге асыру.

1.2. Осы шартта көрсетілген Нәтижеге авторлық құқықтың болуына Қызметкер кепілдік береді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Осы шарт бойынша Қызметкер Жұмыс берушіні мынадай құқықтармен қамтамасыз етеді:

а) Нәтижені Жұмыс берушінің фирмалық атауымен, өндірістік маркасымен және тауар белгісімен пайдалану құқығы. Бұл жағдайда пайдаланудың әр данасында Қызметкердің аты келесі жазуда болуы керек:

_____;
б) Нәтижені жариялау құқығы, яғни оны қандай да бір нысанда, қандай да бір жолмен белгісіз адамдарға хабарлау. Адамдарға Нәтиженің мақсаты, функциялары, техникалық және басқа сипаттамалары туралы ақпараттандыру жария ету болып саналмайды, мысалы, жарнамалық мақсаттарда;

в) Нәтижені шектеусіз данада қайта шығару құқығы (көбейту, қайталау немесе басқаша қайта шығару, яғни туындыны объективті формаға салып, оны функционалды пайдалану);

г) Нәтиженің қайта шығарылған материалдық тасымалдаушыларын түпкі пайдаланушылар арасында шектеусіз сату арқылы Нәтижені кез келген жолмен тарату құқығы;

д) Нәтижені қайта өңдеуге, оның негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің жаңа, шығармашылық тәуелсіз нәтижесін жасауға, сондай-ақ оны өндемей өзгерістер енгізуге;

е) Нәтижені – кез келген шет тілдеріне аудару құқығы;

ж) Нәтижені көпшілік алдында пайдалану, сонымен қатар оны ақпараттық, жарнамалық және басқа мақсаттарда демонстрациялау құқығы;

з) Осы шарт бойынша алынған құқықтардың бір бөлігін шарттық талаптармен үшінші тұлғаларға беру құқығы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-103-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі		19 беттің 17 -ші беті

2.2. Қызметкер көрсетілген аумақтық және салалық шектерде оны өзі пайдалану немесе үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге құқығы жоқ.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе талапқа сай орындамаған тарап, екінші тарапқа келтірілген шығынды өтеуге міндетті.

3.2. Шарт бұзылған жағдайда, құқығы бұзылған тарап құқығын мойындауды, құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіруді және құқықты бұзатын немесе соған әкеп соғатын әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқылы.

3.3. Осы шартта көзделмеген жағдайларда мүліктік жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

4. Құпиялылық

4.1. Осы Шарттың міндеттері мен оған қосымша келісімдер құпия болып табылады және жария етуге тыйым салынады.

5. Дауларды шешу

5.1. Тараптар арасындағы туындауы мүмкін барлық даулар мен сұрақтар, осы Шарттың мазмұнында өз шешімін таппаса, қолданыстағы заңнама мен іскерлік айналымның әдет-ғұрыптары негізінде келіссөздер арқылы шешілетін болады.

5.2. Келіссөздер кезінде даулы мәселелер реттелмеген жағдайда, даулар қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен сотта шешіледі.

6. Шарттың қолданылу мерзімі

6.1. Осы Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге жасалады.

6.2. Тараптар арасындағы еңбек шарты тоқтатылған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы көрсетілмеген болса, бұл Шарт бір тараптан өз күшін жоймайды.

7. Шартты бұзу

7.1. Тараптар өзара жазбаша келісім бойынша шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

7.2. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, осы шартты бір тараптан бұзуға жол берілмейді.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы шартта көрсетілмеген барлық басқа жағдайларда, тараптар тауарлық несиені беруді реттейтін қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алады.

8.2. Осы шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалынып, тараптар немесе тараптардың тиісті уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болып табылады.

8.3. Барлық хабарламалар жазбаша түрде болуы керек.

8.4. Шарт екі данада жасалады, оның біреуі Қызметкерде, екіншісі - Жұмыс берушіде сақталады.

9. Тараптардың заңды мекенжайлары мен төлем деректемелері:

ЖҰМЫС БЕРУШІ:	ҚЫЗМЕТКЕР:

